ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№25 (1696)
11 қыркүйек
2018 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



# КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

**Ректорат мәжілісінің кезекті отырысы өз ісінің үздіктері мен байқау жеңімпаздарын марапаттаудан басталды. Атап айтар болсақ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті Гүлсан Мамырбекова марапатталды. Сонымен қатар Әзербайжан Республикасының астанасы Баку қаласында өткен «What Do I Know About Azerbayjan» атты Халықаралық конкурста әзербайжан тілінде эссе жазуда жеңімпаз атанған түркітану мамандығының 4-курс студенті Сұлтан Смаков пен 3-курс студенті Айнара Сүлейменова Әзербайжан Республикасы жастар және спорт министрінің арнайы сертификатына ие болды. Қазақстан Республикасының Конституциясы және халықаралық құқық: жалпы жұрт таныған қазынаны сіңіру және ұлттық мүддені қорғау» номинациясы бойынша «құқықтану» мамандығының 2-курс студенті Аружан Жайылқанова марапатталды.**



Салтанатты марапаттаудан соң ректорат мүшелері күн тәртібіндегі кезекті мәселелерді талқылауға кірісті. Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың өз хабарламасында QS Worldwide 2019-ға және Жібек жолы университеттері желісінің Саммитіне (SUN) дайындық бойынша жол картасын ұсынды. Ол жол картасында алдағы уақытта өтетін халықаралық шараның әр сатысы бойынша жауаптыларды анықтап, атқарылуға тиісті жұмыс жоспарымен таныстырды. Жалпы QS Worldwide әлемнің жетекші жоғары оқу орындары бас қосатын ғылыми, академиялық және әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру барысында шетелдік серіктестіктер табу мен тәжірибе алмасуға арналған үлкен платформа. 2019 жылы қыркүйектің 19-20 жұлдызы аралығында Алматы қаласы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Әлемдік танымалдылыққа саяхат: адами мұра мен озық технологиялар үйлесімі» атты форумы өтеді. Аталмыш форумды өткізу мәртебесін біздің университетке сеніп тапсыруы – бұл оқу орны үшін үлкен жауапкершілік пен мәртебе екендігі ақиқат. Әлемнің озық оқу орындарының басын біріктіретін форум ҚазҰУ-дың әлем алдындағы мәртебесін тағы да бір сатыға көтеретініне сенеміз.

Келесі болып сөз алған халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры Мара Губайдуллинаның Латвияға барған іссапары туралы өз баяндамасын жасады. Аталмыш іс-сапарда тараптар қосдипломды оқыту бағдарламасы мен еуропалық "Эразмус+", "Жанна Монне" сынды өзара тиімді академиялық алмасуларды дамыту аталмыш университеттер үшін тиімді екендігін айтты. Жалпы Литва жоғары оқу орындары бірлескен жобалар мен серіктестіктерге әрқашан да ашық екендігін білдіртті. Сондай-ақ даңқты Витаутас атындағы Каунас университетіндегі әріптестер өздерінде Әл-Фараби зерттеу орталығын ашуға ұсыныстарын жеткізді.

Ал Австрия іссапары туралы Тұрақты даму институтының директоры Рафиз Фанисұлы Абазовтың өз есебінде Австрияның Альпбахында үкімет басындағы және бұрынғы мемлекет, үкімет басшылары, халықаралық ұйымдар мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен жоғарғы деңгейдегі жыл сайынғы беделді саяси форум туралы толық баяндап берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанынан құрылған Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму институты аталмыш шараға БҰҰ-ның жаһандық азаматтық және тұрақты даму бағытындағы бастамаларын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықтың перспективаларын талқылау мақсатында шақырылды. ҚазҰУ-дың форумға қатысуының басты нәтижесі Ғаламдық азаматтық орталығы (Австрия), Тұрақты даму институты (Оңтүстік Корея) және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою болып табылды. Құжатты Австрияның экс-президенті Хайнц Фишер, БҰҰ-ның сегізінші Бас хатшысы Пан Ги Мун және ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов (Қазақстан) қолдарын қойып бекітті. Келісім-шарт адамзаттың жаһандық мәселелері мен қазіргі заманның сын-тегеуріндерін шешуде тараптардың күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретіндігін айтты.

**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**

# ГОСТИ ИЗ СТРАНЫ УТРЕННЕЙ СВЕЖЕСТИ

**Генеральный директор клиники Северанс Ли Бен Сок намерен развивать сотрудничество с Казахстаном в области медицинского страхования. Об этом он сказал во время встречи с руководством КазНУ имени аль-Фараби.**



Приветствуя гостей из страны утренней свежести, ректор КазНУ Галым Мутанов отметил, что за время двухстороннего сотрудничества в университете открылся медицинский факультет и на протяжении последних 3-х лет совместно с клиникой Северанс успешно проводятся стажировки для повышения квалификации профессорско-преподавательского состава, магистрантов и докторантов.

Следует подчеркнуть, что за основу образовательных программ медицинского факультета КазНУ взяты учебные программы медицинских факультетов ведущих южнокорейских университетов, и на основе международных стандартов и новых научных достижений, сегодня осуществляется подготовка медицинских кадров на всех уровнях образовательных программ. Также предусмотрено дополнительное профессиональное образование для представителей бизнеса и специалистов различных сфер и секторов, занимающихся разработкой, продвижением и реализацией программ улучшения и сохранения здоровья.

В свою очередь генеральный директор Ли Бён Сок выразил уверенность в дальнейшем сотрудничестве между Казахстаном и Южной Кореей и также заверил, что начатая деятельность будет и дальше развиваться по многим секторам в области медицины. Также на встрече исполнительный директор Мионгсей Сон рассказал о системе медицинского страхования и выразил готовность сотрудничать в данном направлении и делиться опытом со своими казахстанскими коллегами.

Следует отметить, что в 2014 году в ЦОС «Керемет» КазНУ был открыт медицинский диагностический Центр совместно с клиникой «Кангнам Северанс», который оснащен современным оборудованием и соответствует всем международным стандартам медицинских услуг. Клиника Северанс является партнером КазНУ им. аль-Фараби и принимает активное участие в подготовке кадров здравоохранения для нашей страны.

**Соб. корр.**

# ПОЭТИЧЕСКИЙ ВЕЧЕР

**Во Дворце студентов имени У. Жолдасбекова прошел поэтический вечер самых знаменитых поэтов нашей современности – Сергея Гандлевского (Россия), Бахыта Кенжеева (США), Алексея Цветкова (Израиль), Олжаса Сулейменова. Зал был полон, пришли писатели, видные общественные деятели культуры, государственные служащие, студенты и преподаватели, чтобы послушать любимые стихи своих поэтов.**

Творческий вечер открыл журналист, публицист и президент международного казахского Пен клуба Бигелды Габдуллин. Он рассказал о биографии каждого присутствующего поэта и привел некоторые интересные факты из их жизни. Как было подмечено, поэзия – самая краткая форма изложения мыслей, и, наверное, одно из самых величайших достижений человека.

Полный зал, затаив дыхание, слушал и внимал каждому слову и вдоху поэтов, которые своими стихами доносили глубину и смысл чувств в ауре своего мироощущения.

*Продолжение на 3 стр.*

**НОВЫЙ ВИТОК СОТРУДНИЧЕСТВА**

2-стр.



**НОВОЕ ПАРТНЕРСТВО**

3-стр.



**БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ**

6-бет



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

**ҚазҰУ Релятивистикалық Астрофизика халықаралық орталығымен (ICRANet) ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.**

Құжат «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының» директоры Шыңғыс Омаров, Қазақ физика қоғамының президенті Т.А. Қожамқұлов және ICRANet директоры Р Руффини араларындағы келісім негізінде жасалған.

Қазақстан Республикасының біркатар ғылыми орталықтары мен Халықаралық Релятивистік Астрофизика орталығы (ICRANet) арасындағы ынтымақтастық соңғы он жылда қарқынды дамып келеді. Халықаралық Релятивистік Астрофизика Орталығы желісіне ЮНЕСКО және ЕО-дан қаржылай көмек көрсетіледі. ICRANet орталығының көмегімен Қазақстан әлемдегі үздік ғалымдарды тарту арқылы Қазақстандағы астрофизика саласындағы ғылыми кадрларды дайындауға мүмкіндік алады. Жас ғалымдар мен студенттер үшін Қазақстандағы алдыңғы қатарлы ЖОО және ғылыми орталықтармен бірге елімізде ICRANet жазғы ғылыми мектептер, халықаралық конференциялар ұйымдастыру, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, Қазақстанның талантты студенттерін тағылымдамадан өтуге шақыру шаралары көзделген.



ҚР Білім және ғылым министрі Е.Қ. Сағадиевтің 2016 жылы 12 сәуірдегі ҚР ҰҒА-да жасаған баяндамасында Қазақстан жоғары оқу орындарында жас ғылыми-техникалық қызметкерлер мен бүкіл әлемде жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарды даярлауды жетілдіру, қазақстандық ғылым мен жоғары технологияларды құру маңыздылығын атап өткен. Осы ретте ертең ҚР ҰҒА-да ICRANet директоры Р. Руфини мен Білім және ғылым министрі Е.Қ. Сағадиев арасында Қазақстанның осы халықаралық орталық пен ынтымақтастық мәселелерін талқылайтын жиын өтетін болады.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

# АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ ПАКТ



**В КазНУ им. аль-Фараби состоялось обсуждение пакета антикоррупционных рекомендаций для высших учебных заведений страны, подготовленного Агентством по делам государственной службы и противодействию коррупции.**

В обсуждениях проекта приняли участие руководители 14 крупных государственных и частных высших учебных заведений города Алматы.

Руководитель проектного офиса «Sanaly Urpaq» Кайыржан Токушев отметил, что Агентство целенаправленно проводит работу по искоренению коррупционных рисков во всех сферах жизни нашего общества, в том числе в деятельности высших учебных заведениях, внося по итогам анализа соответствующие рекомендаций.

Участники совещания активно и предметно обсуждали каждый пункт разработанных антикоррупционных рекомендаций, внесли ряд предложений и в целом поддержали проект рекомендаций.

В заключении руководитель АДГСиПК по г. Алматы Данияр Таумурат сказал, что все предложения и замечания будут учтены при окончательном принятии рекомендаций, которые направлены на установления открытости и прозрачности в деятельности высших учебных заведений для искоренения возможных коррупционных рисков и повышения качества подготовки будущих специалистов.

**ПРЕСС-СЛУЖБА ПРОЕКТНОГО ОФИСА «SANALY URPAQ»**




## QYSQA-NUSQA

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ janyndaǵy Pan Gı-Mýn atyndaǵy turaqty damý ınstıtýtynyń uıymdastyrýymen BUU-nyń buryńǵy bas hatshysy dana da dara tulǵa Kofı Annandy eske alý dóńgelek ústeli ótti.**

Atalmshy sharada Qazaqstannyń BUU janyndaǵy tuńǵysh turaqty ókili, Qazaqstannyń memlekettik qaıratkeri Aqmaral Arystanbekova, QazUÝ-dyń birinshi prorektory Muhambetqalı Búrkitbaev, Pan Gı-Mýn atyndaǵy turaqty damý ınstıtýtynyń dırektory, prorektor Rafız Abazov, Almatydaǵy QR syrtqy ister mınıstrligi ókildiginiń basshysy Rýslan Bóltirikov boldy. Sonymen qatar BUU-nyń Qazaqstandaǵy Qoǵamdyq aqparat departamentiniń basshysy jáne de qazirgi tańda Islamabadtaǵy UN DPI-diń ýaqytsha atqarýshy dırektory Vlastımıl Samek skype arqyly baılanysqa shyqty. Sondaı-aq (BKMISD), Birikken Ulttar Uıymynyń Aqparattyq bıýrosy (UNIC), Birikken Ulttar Uıymynyń ornyqty damý boıynsha Jahandyq akademıalyq yqpal habymen" (UNAI), MDP Global Classroom, IýNESKO-nyń "ÝNITVIN" Ortalyq Azıa baǵdarlamalar ortalyǵymen jáne "BUU Jańa Jibek joly Modeli» uıymdarynyń ókilderi boldy.

Kezdesý barysynda jınalǵan qaýym K. Annannyń BUU-na sińirgen erekshe ereń eńbegi týraly sóz qozǵap, esteliktermen bólisti. Birikken Ulttar Uıymynyń Bas hatshysy bolǵan jyldary K. Annan beıbitshilik jónindegi komıssıany jáne adam quqyqtary jónindegi keńesti qurdy. 2001 jyly K.Annan ózi basshylyq etken uıymmen birge «Álemdegi berik beıbitshilikke jáne tıimdi uıymdy qamtamasyz etýge úles qosqany úshin» Nobel syılyǵyna ıe bolǵan. Álem tarıhynda K. Annannyń esimi talaı ıgi istiń basynda bastamashy bolyp, óziniń mıssıasyn asqan sheberlikpen oryndaǵan dara da dana tulǵa retinde altyn áriptermen jazylyp qalary aqıqat.

***

**QazUÝ-da «Asa joǵary energıaly bólshekterdiń fızıkasy jáne astrofızıkasyndaǵy negizi máseleleri» atty V halyqaralyq jas fızık ǵalymdardyń kezekti jazǵy mektebi bastaldy.**

Shara Reseı ǵylym akademıasynyń P.N. Lebedev atyndaǵy fızıkalyq ınstıtýty (RǴA ǴAFI), Tıan-Shan bıik taýly stansıasy (TSHBTS), ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ jáne TMD-ǵa qatysýshy memleketterdiń gýmanıtarlyq yntymaqtastyǵy memleketaralyq qorynyń (IFESCO) qoldaýymen uıymdastyrylyp otyr. Jıyn Qazaqstan, Belarýsıa, Ózbekstan, Azerbaıjan, Tájikstan, Reseı jáne Moldavıa elderinen kelgen júzden asa jas ǵalymdardyń basyn biriktirdi.

Ǵaryshtyq sáýleler fızıkasy men asa joǵary energıaly bólshekter astrofızıkasynyń eń ózekti máselelerin talqylaýǵa arnalǵan shara mektep baǵdarlamasyndaǵy dárister, tájirıbelik jattyǵýlar men mektep tyńdaýshylarynyń bilimdiligi men biliktiligin arttyrý jáne jańa aqparatty uǵyný maqsatynda múmkindik beretin erkin pikirtalas alańyna aınaldy. Atalǵan mektep jumysy 1 qyrkúıekke deıin jalǵasatyn bolady.

***

**Gonkong polıtehnıkalyq ýnıversıteti gýmanıtarlyq ǵylymdar fakýlteti qytaı tili jáne bılıngvızm departamentiniń dırektory Davıd Lı Qazaq ulttyq ýnıversıteti shyǵystaný fakýltetiniń dekany Y. Paltóre jáne qytaıtaný kafedrasynyń ujymymen kezdesti.**

Sóz alǵan dırektor Davıd Lı óz issapary barysyndaǵy negizgi úsh mindetti atap aıtty. Ol birinshi kezekte QazUÝ-dyń shyǵystaný fakýlteti onyń ishinde qytaıtaný kafedrasynyń ujymymen jaqyn tanysý arqyly Orta Azıa men Qazaqstandaǵy qytaı tiliniń oqytylý deńgeıin bilý. Ekinshi tildik mádenı jáne kommýnıkasıalyq bilim berý baǵdarlamasyn (BDLCC) bakalavrıat deńgeıindegi baǵdarlamalar arqyly (BACBS / BAESP) alǵa jyljytý jáne ýnıversıtette oqıtyn daryndy stýdentterge arnaıy stıpendıa tólenetin baǵdarlamalardy nasıhattaý qajet dese, úshinshi 2019 jyldyń kóktemine josparlanǵan issaparlardyń alǵy sharttaryn daıyndaýdy alǵa tartty.

Kezdesýde Gonkong polıtehnıkalyq ýnıversıteti usynyp otyrǵan baǵdarlamalar zertteýshi-ǵalymdar men magıstrant, doktoranttardyń qyzyǵýshylyǵyn týdyryp, jıyn sońynda taraptar ártúrli baǵyttar boıynsha ekijaqty qarym-qatynasty jandandyrý máselelerin keńinen talqyǵa saldy.

**Qytaıtaný kafedrasy**

**Қыркүйектің 24-26 жұлдызы аралығында ҚазҰУ-да «Климаттың өзгеруі мен биоалуантүрліліктің төмендеуі жағдайындағы биосфералық резерваттар» тақырыбында халықаралық семинар өтеді**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ПОЭТИЧЕСКИЙ ВЕЧЕР

Из уст звучало слово, идея, деталь и даже одна цитата из стихов перед глазами рисовала картину целой эпохи и фрагменты из жизни людей, но только в очень сжатой форме. Это смогли понять не только знатоки поэзии, но и молодые люди, которые только вчера закончили школу. В этот вечер многие смогли помечтать, подумать о будущем и вспомнить прошлое, и самое загадочное заключалось в том, что каждый слушатель оставался сам с собой, как будто эти стихи были посвящены лишь ему одному.

Поэт Алексей Цветков, который прилетел из Израиля на поэтический вечер в Алматы, за время своего творчества выпустил 20 книг. Он учился в четырех университетах, но по иронии судьбы защитил PhD и получил диплом только в Мичиганском университете. Алексей Цветков родился в Запорожье в 1947 году. Во время учебы в университете они вместе с Бахытом Кенжеевым, Сергеем Гандлевским и другими поэтами в Москве основали неофициальную поэтическую группу «Московское время», которая в последующем стала причиной их выезда в эммиграцию. Так А. Цветков, оказался в США, а Бахыт Кенжеев в Канаде. Наш соотечественник, уроженец Шымкента Б. Кенжеев окончил химический факультет МГУ им. Ломоносова.




Первый дебют его в качестве поэта состоялся в коллективном сборнике «Ленинские горы». В 1982 году, женившись, эммигрировал в Канаду, затем в США. Как сказал Б. Габдуллин, Бахыт Шкуруллаевич – лауреат многих литературных премий. Его печатают на русском, английском, французском, немецком и казахском языках. Поэзия Бахыта Кенжеева многогранна. Его своеобразные образы перекликаются не только с трагедией, но и иронией, которые затрагивают самые глубинные чувства человеческой натуры.

Выступавший Сергей Гандлевский был самым молодым поэтом на этом вечере. Он является лауреатом престижных премий и входит в топ-100 самых лучших поэтов России. Его первое стихотворение было написано после прочтения стихов Евгения Евтушенко, и с тех пор его поэтическое перо выдало в свет 15 книг.

Большими овациями зал рукоплескал и встретил поэта, писателя-литературоведа, народного писателя Казахской ССР (1990), общественно-политического деятеля Казахстана Олжаса Омаровича Сулейменова. Он выразил свою признательность за организацию вечера ректору и коллективу КазНУ имени аль-Фараби. В своем выступлении он рассказал интересные истории, которые стали причиной рождения его стихов и знаменитых трудов, его философские рассуждения о сегодняшних тенденциях в литературе и науке,h. Во время выступления прозвучали отрывки из поэмы «Земля, поклонись человеку», посвященной первому космонавту Юрию Гагарину.

В завершение встречи поэты ответили на многочисленные вопросы поклонников и были одарены бурными овациями и цветами.

**Г. БАЯНДИНА**

# Проект Direkt

**Проект «Развитие трансрегиональной информационной грамотности с целью обучения на протяжении всей жизни и экономии знаний» [Direkt] программы Erasmus+ Евросоюза является эффективным инструментом содействия развитию нового качества сотрудничества в сфере высшего образования между странами и хорошей платформой для распространения достигнутых результатов и продвижения новых идей.**

Свидетельством этому стал научный семинар по информационной грамотности проекта Проект Direkt, который состоялся в Российском государственном педагогическом университете им. А.И. Герцена. Особенность и значимость данного семинара состоят в том, что участникам были предложены дополнительные занятия по стратегии эффективного использования электронных ресурсов и наукометрических инструментов в современной образовательной и научной деятельности, организованные Национальным электронно-информационным консорциумом (НЭИКОН). Более того, участники семинара имели возможность прослушать и информацию по открытому доступу к национальной платформе открытых репозиториев и роль университетских библиотек в рамках проекта «Национальный агрегатор российских университетов» гранта Президента Российской Федерации на развитие гражданского общества. География участников была обширная: университеты Российской Федерации (Петрозаводск, Саранск, Владивосток, Калининград, Казань и др.), Китайской Народной Республики (Пекин, Шанхай), Казахстана (Алматы, Кустанай, Астана), Германии, Ирландии и др. Делегация из КазНУ имени аль-Фараби (Г.С.Султангалиева, К.Т. Туенбаева, А.Т. Суйнова, Б.С. Асанова) участвовала в обсуждении содержания модулей по информационной грамотности совместно с профессором университета Лимерик Padraig Kirby. Прошедший семинар дал возможность не только установить новые формы сотрудничества с учеными из ближнего и дальнего зарубежья, но и понять, что сегодня современные информационные ресурсы важны для принятия стратегических и оперативных решений по управлению университетами, научными исследованиями организаций и т.д.

**Г. СУЛТАНГАЛИЕВА,**
*зав.кафедрой Всемирной истории, историографии и источниковедения д.и.н., проф.;*
**А. СУЙНОВА,**
*зам.зав. по НИД и МС ст.преп.*

# Жаңа сала, ЖАҢА МАМАНДЫҚ

**ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасында «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша білім алып, бакалавриат дипломын алуға болады.**

Бүгінгі таңда Қазақстанда фармацевтика саласы жақсы дамып келе жатыр. Яғни, бұл салада білікті мамандарға сұраныс артуда. Сондықтан да бүгінгі таңда білікті фармацевт мамандарды даярлау кезек күттірмес міндеттердің бірі болып отыр. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасы «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша білім беруге лицензия алды. Аталған кафедра бұл лицензияны жайдан жай алып отырған жоқ. Бұл лицензияны алу үшін де үміткер тарап көптеген талаптарға сай болуы керек. Ал аталған кафедра осы мамандық бойынша білікті кадрлар дайындау үшін қойылған талаптарға толығымен сай келеді.

Кафедрада төрт ғылыми бағыт бар: органикалық химия, табиғи қосылыстар химиясы, дәрілік заттарды тасымалдау және жоғары молекулалық қосылыстар химиясы. Кафедра қызметкерлері дәрілік заттар жасау мәселесімен тек бүгін ғана бетпе бет келіп отырған жоқ. Кафедра көптеген жылдардан бері жаңа дәрілік заттардың жаңа түрлерін жасаумен айналысып келеді. Бүгінде өнеркәсіптік сатыға дейін жасалып, жеткізілген өндірістік препараттар ішінде - «Алхидин» (Ж.Ә. Әбілов, Г.Ш. Бурашева) және соның негізіндегі 5 дәрілік формасы (тосап, тұндырма, дәрі); «Лимонидин» (Г.Е. Жусупова, Ж.Ә. Әбілов) және дәрілік формалар (жақпа майлар, суппозиториялар); «Рамон» және рамоновая жақпа майы (Т.К. Чумбалов, Р.А Музычкина); «Биосед-К» және жақпа май (Д.Ю. Корулькин, Ж.Ә. Әбілов); «Суттиген» және мазь (С.Б. Рахмадиева); «Лейкоэфдин» инъекцияға арналған ерітінді (Т.К. Чумбалов, К.В.Тараскина); «Альнусидин» және инъекцияға арналған ерітінді (Т.Н. Бекболатова, Т.К. Чумбалов.) және т.б.

Жоғарыда айтылған шикізаттар, препараттар және олардың дәрілік формалары ҚР-дың дәрілік заттар мемлекеттік реестріне енгізілген және медициналық қолдануға рұқсат етілген. Ал Тянь-Шаньдық щавель, «Рамон» препараты және рамон жақпа майы Ресейдің дәрілік заттар мемлекеттік реестріне енгізілген және Ресей аумағында қолданылуға рұқсат етілген. Әртүрлі ағзалардың пластикасы және түзету үшін практикалық денсаулық сақтауға гидрогельді материалдың инъекциялық формасы «Гликогель» жасалған және енгізілген.

Сонымен бірге кафедрада ғылыми-теориялықпен қатар практикалық та базалар қатарына – Қарағанды қ. «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі АО, Алматы қ., «DOLCE» ЖШС, Қарағанды қ., «Қарағанды фармацевтикалық зауыты» кіреді. Болашақ фармацевт-технолог мамандар осы өндіріс орындарында практикалық тәжірибеден өте алады.

Кафедра сонымен бірге Польшадағы Варшава медициналық университетінің фармация факультетімен тығыз байланыс орнатқан. Болашақ түлектер – инженер-технологтар дәрілік препараттар өндіретін химиялық-фармацевтикалық кәсіпорындар мен фармацевтикалық фабрикалардың барлық салаларында тәжірибеден өтіп, жұмыс істеу құқығына ие бола алады.

**Перизат УРКИМБАЕВА**

# НОВОЕ ПАРТНЕРСТВО

**КазНУ получит преимущество быстрого доступа к первоклассным услугам по научному переводу и редактированию от Enago.**

В рамках своей научно-исследовательской деятельности Казахский национальный университет имени аль-Фараби (КазНУ) заключил соглашение с компанией Enago — ведущим поставщиком услуг по редактированию научных работ на английском языке для глобального научно-исследовательского сообщества. Enago будет предоставлять услуги по подготовке рукописей для ученых КазНУ. Благодаря этому взаимовыгодному сотрудничеству ученые КазНУ значительно повысят шансы на публикацию своих работ в известных международных научных журналах.




Новое партнерство имеет большое значение как для университета, так и для компании Enago. С тремя уровнями поддержки, которые включают в себя академический перевод, издательскую подготовку и научно-техническое редактирование, команда специалистов Enago в различных предметных областях поможет ученым и авторам КазНУ подготовить их труды в соответствии со всеми международными стандартами, необходимыми для принятия и публикации работ в журналах. Кроме скидки на услуги в размере 40%, авторы университета получат доступ к научным ресурсам на портале, созданным компанией Enago специально для КазНУ.

Подробные сведения можно получить на портале Enago, созданном для КазНУ: https://www.enago.com/kaznu/.

***В рамках праздника языков народов Казахстана, 18 сентября состоится круглый стол «Быть полиглотом – требование времени»***

# БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ

**ЖОО үшін нарықта жұмыс істеу – бұл күн көріс мәселесі. Университет жаңа қаржы көздерін іздеуі керек. Бұл жердегі негізгі мәселе, университеттер ЖОО білім мен кадрларды дайындап қана қоймай, инновацияның экожүйесінің ішіндегі негізгі процестердің жүйелік интеграторы ретіндегі мағынасының жаһандық міндеті өз орнын таба алмауында. Университет техникалық кәсіпкерлікпен, бизнестің дамуымен байланысты барлық процестерді біріктіреді, сонымен қатар айналасына капитал – адам және қаржылық ағынын шоғырландырады.**



Университеттер өзінің коммерциялық қызметін орындауды, стартаптарды жасауды бастағанда ғана біз «Университет 4.0» моделіне ауысамыз. Ауысудың маңызды элементтерінің бірі – бұл нарықтың қалай дамуын түсіну саласында университеттің өзінің жеке құзыреттіліктеріне енеді. Әлемнің көшбасшы кәсіпкерлік және инновациялық университеттері патенттер өндірісінің өте жоғары деңгейіне ие. Сонымен бірге коллаборацияның дамуымен әр түрлі қызмет түрлерінің араласуы жүреді және осы жағдайда университеттерге толерантты ішкі мәдениет керек. Зерттеуді коммерциялаумен ЖОО ішінде тиімді басқарушылық құрылымды қалыптастыру керек. Сондай-ақ технологияны нарыққа тиімді көрсете алатын кәсіпорындармен серіктестік орнату қажет.

Қауымдасудың болашағы жарқын болуы мүмкін және университеттердің айналасында жаңа инновациялық ортаның қалыптасуы маңызды. Қазақстан әлемдік қауымдастықта және білім беру кеңістігінде өзіне лайықты орынды иеленуі тиіс. Сондықтан жаратылыстану, техникалық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша оқушы, студенттерді мамандандыру қажет. Осы орайда мамандар дайындауға негізделген 3 деңгейді бакалавриат, магистратура, докторантураны студент толық оқуы қажет. Білім берудің жоғарғы сапасына жету үшін ғылымиландыруға баса назар аударып, жаңа өзгерістер енгізу тиімді. Қазіргі жас мамандар теорияның дәлдігін жақсы біледі. Алайда білім берудің тәжірибелік қыры, тәжірибенің болмауы бір кемшілік десек те болады. Ғылыми айналымда бәсекелестікте болу үшін тәжірибенің маңызды рөл атқарарын айта кету керек. Қандай да бір жұмысқа орналасу үшін тағы керек. Мұны жүзеге асыру үшін де, басқа елдермен тәжірибе алмастыру үшін де халықаралық ынтымақтастықты белсендіру қажет. Оның үстіне Қазақстанда да шикізаттық базалар жетерлік. Алайда Қазақстанда барлық өндіріс орындары мен ұйымдар студенттерді тәжірибеден өтуге қабылдауға келісе бермейді. Басқаша айтқанда, ынтымақтастық үшін олар жабық. Сондықтан басты назарды ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың интеграциясын қамтамасыз етуге аудару тиіс. Жоғары оқу орындарындағы пәндердің курстары өндіріске, жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес өңделуі қажет.

Осы және басқа да қазіргі таңда қалыптасқан экономикалық жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 ж. №597 «Мемлекеттік бағдарламаларды бекіту туралы» жарлығымен 2015-2019 ж. Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы (ГПИИР) бойынша 2015 жылдан бастап еліміздің әр түрлі жетекші алдыңғы қатарлы ЖОО арнайы кәсіби бағдарламалар бойынша қазіргі таңдағы қажетті мамандықтар бойынша магистранттар дайындалып жатыр. Биылғы оқу жылында осы бағдарламаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық кафедрасының жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасы да қатысылдағы. Яғни бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі энергияны үнемдеу, энергияның қорын сақтау, баламалы энергия түрін қолдану болып табылатындықтан, аталған кафедрада индустрия үшін жасыл энергетика бағыты бойынша мамандарын даярлау басталды. Осы бағыт бойынша жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының базасының негізінде, сонымен бірге өндіріс орындарымен тікелей байланыс арқасында мамандарды өндіріске дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар атқаралып жатыр. Атап айтатын болсақ, кафедра магистранттары жүргізіліп жатқан білім беру бағдарламасының аясында қол қойылған келісімшарттарға сәйкес: «Сапаның инновациялық Орталығы» ЖШС, ««Плазматехника R&D» ҒТҰ» ЖШС, ЭТФҒЗИ ЕМК, ашық типтегі ұлттық нанотехникалық зертханасы, ««Жалын» ҒЖТО» ЖШС, «К2-СС» «АлЭС» АҚ ТЭЦ-2, «Ш.Ч. Чокин атындағы Қазақэнергетика ҒЗИ» АҚ кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өте алады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асырғанда өзара әрекеттесу және ашық курстарды пайдалану арқылы энергетикалық сала кәсіпорындарының техникалық базасын пайдалану есебінен магистранттың білім беру мүмкіндігі кеңейтіледі. Еліміздің жоғары оқу орындарының қара шаңырағына айналған ҚазҰУ жастары алған білімдерін болашақта кәсіби қызметімен толықтай ұштастырып, келешекте оны тиімді қолдана алады және еңбек барысында туындайтын күрделі мәселелерді шешуге қабілетті болады.

**С. БӨЛЕГЕНОВА,**
*жылуфизика және техникалық физика кафедрасы меңгерушісі, профессор,*
**Ж. ШОРТАНБАЕВА,**
*кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жөніндегі орынбасары,*
**Б. РАХАТ,**
*жылуфизика және техникалық физика кафедрасы оқытушысы*

# О роли исследовательского университета

**Основными приоритетными задачами в процессе вхождения Казахстана в число 30 самых развитых стран мира являются корректировка и усиление тренда инновационной индустриализации, улучшение агропромышленного комплекса, создание наукоемкой экономики, развитие инфраструктуры, решение проблем малого и среднего бизнеса.**

Согласно Концепции развития Казахстана повышение адаптации высшего образования к потребностям наукоемкой экономики будет происходить через интеграцию университетов и профессионально-технических школ с создаваемыми интеллектуально-инновационными кластерами.

В современной мировой практике процесс внедрения новых технологий в промышленность и бизнес гармонично реализуется в Исследовательских университетах.

Понятие «исследовательский университет» было введено международным фондом Карнеги по развитию образования в 1994 году. Гармонично сочетая в себе учебный процесс и научно-исследовательскую деятельность, подобная форма организации и функционирования высшего учебного заведения хорошо зарекомендовала себя за рубежом как современная форма интеграции образования и науки. В исследовательских университетах не только ведут подготовку высококвалифицированных специалистов и ученых, но и проводят фундаментальные и прикладные исследования, внося положительный вклад в социально-экономический потенциал страны.

Являясь флагманом высшего образования страны, Казахский национальный университет имени аль-Фараби в своем развитии придерживается этой концепции. На его базе функционирует 10 научно-исследовательских институтов и 92 лаборатории.

В качестве примера, можно рассмотреть физико-технический факультет. На его основе организован НИИ экспериментальной и теоретической физики, в составе которого 20 исследовательских лабораторий.

Тесная интеграция обучения и исследования на всех ступенях образовательного процесса, дает возможность студентам уже начиная с первых курсов бакалавриата активно вовлекаться в научный процесс. Наличие различного оборудования позволяет вести независимые исследования и использовать результаты как в учебной деятельности, так и в научных разработках.

Кроме того, приобретает серьезные перспективы вхождение научных физических лабораторий в различные международные коллаборации фундаментальных исследований. Так в настоящее время происходит тесное взаимодействие с мировыми научно-исследовательскими центрами ОИЯИ Дубна (Россия), RIKEN (Wako-shi), GANIL (Caen), GSI (Darmstadt), NSCL (Michigan), PetrSU (Петрозаводский Федеральный Университет, Россия), которые являются членами единой коллаборации. Участие в международных симпозиумах подтверждает заявленный статус лабораторий и дает дополнительное




обоснование к вопросам грантового финансирования.

Немаловажная отличительная черта исследовательского университета от классического – это функция внедрения новых технологий в промышленность и бизнес. Так на базе КазНУ создан Научно-образовательный и инновационный кластер (НОИК), задачами которого являются генерация инноваций, интеграции науки, образования и инновационного производства, коммерциализации разработок и передовых знаний.

Университетом разработана программа «Создание инновационной платформы для подготовки конкурентоспособных специалистов, разработки и реализации высокотехнологичной продукции», планируется создание международного IT-технопарка «Альянса Университетов Нового Шелкового пути» по модели «Silicon Valley».

Таким образом, дальнейшее развитие КазНУ как самостоятельного центра концентрации исследовательской и научной деятельности становится залогом успешного продвижения Казахстана по намеченному пути индустриально-инновационного развития с эффективными механизмами взаимодействия между государством, бизнесом, наукой и образованием.

**А. ЮШКОВ,**
*д.ф.-м.н., профессор*
**Я. СИДОРОВ,**
*магистрант*

**ҚазҰУ-да Кемел Тоқаевтың 95 жыл толуына орай өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді**

# ДИПЛОМАТИЯ ТАРЛАНЫ

**Өткенге топырақ шашу өнегелі өреннің ісі емес. «Тарихқа тас атсаң, ол саған зеңбірек кезейді». Жаһанның жарымына жуығын уысында ұстаған Кеңестер Одағының ішкі және сыртқы саясатын жүргізетін партия-шаруашылық номенклатурасына ұлт өлкелеріндегі жергілікті ұлыс өкілдері де енгізіліп, олар Мәскеудің көкейіндегі сөзді күмілжімей айтуға тиіс болды. Идеология саласында халықтар достығы, ажырамас бірлік сияқты саяси маркетингке сүйенетін жәдігөй насихат жүргізу жүктелген кадрлардың көбісі осынау құйтұрқы міндет үдесінен көріне білді. Дегенмен, ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов «ұлттың ядросы-сарыуызына» теңеген Жұмабек Тәшенов, Ілияс Омаров сынды «арпа ішіндегі бір бидайдың» жауға-қалқан, жасқанғанға қорған болғанын айтпасақ, ақиқатқа қайшы келерміз. Осынау ұлы тұлғалардың ішінде жаңа, ұлттық тұрпаттағы елдік саясат және руханият қайраткері, ұлтқа тұтқа болған ұстазым Михаил Иванович Есенәлиев те бар.**

Рухтас ағалары «Хакім» деп атаған Михаил Есенәлиевтің өмір жолы көпшілік қауымға болмасада, саясаттанушылар мен зерттеушілерге белгілі. Ол әсіресе республиканың Сыртқы істер министрі болып істеген жылдары қажыр-қайратын сарқа жұмсап, соңынан өнегелі ісін, жарқын ізін қалдырды. Министр Есенәлиевтің республика сыртқы саяси мекемесінің беделін көтеріп, оны материалдық-техникалық, кадрлық тұрғыдан нығайту жөнінде әр жылдары атқарған толайым тірлігіне куәгерлердің бірі болғандықтан, өзіме белгілі кейбір жәйттерді оқырманмен бөлісуді жөн көрдім. Михаил Ивановичтің республиканың дипломатиялық қызметін жаңа деңгейге көтеру жөнінде ауқымды шараларды қалай қолға алып, жүзеге асырғаны әлі күнге көкейімде сайрап тұр. Ол ең алдымен министрліктің оперативтік (жауапты қызметкерлер осылай аталатын-ды) құрамын Мәскеудің жоғары оқу орындарын, атап айтқанда Халықаралық қатынастар институтын бітірген жастардан жасақтады. Мәселен, 1982 жылы хаттама бөлімінің қызметіне алынған Алаштың ардақты азаматы Болатхан Тайжанов, консулдық бөлімнің бастығы Жақсыбек Еспембетов, баспасөз және ақпарат бөлімінің меңгерушісі Қадыр Қабдешев МГИМО мен Жоғары дипломатиялық мектепті тәмамдаған азаматтар-тын. Болатхан ағамыз Йеменде, Египетте, Жақсыбек ағай Ганада, Қадыр ағай Кубада істеген тәжірибелі дипломаттар еді. Аудармашы Алмаз Хамзаев министрдің көмекшісі-бірінші хатшы, МГИМО түлегі Әбу Ахметов консулдық бөлімнің бірінші хатшысы, Морис Торез атындағы Мәскеу шетел тілдері институтын бітірген Зухра Ақышева консулдық бөлімнің екінші хатшысы болды. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдаған осы жолдардың авторы баспасөз және ақпарат бөлімінің екінші хатшысы қызметіне қабылданды. Сол жылдары Михаил Иванович бүгінгі қазақ дипломатиясының көрнекті өкілі Ерлан Ыдырысовты Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дипломатиялық жұмысынан кейін аттай қалап, министрлікке шақырып алғанын, оған жастығына қарамай талай-талай жауапты тапсырмалар жүктегенін білемін.



Кейінгі толқынға ұлағатты ұстаз болған Михаил Иванович болашағынан үміт күттіретін жастарды іздеп тауып, бір-бірімен таныстырып, білістіріп отыратын. 1982 жылдың жазында Қытайдағы Кеңес елшілігінде жұмыс істеп жүрген Қасым-Жомарт Тоқаевты арнайы шақырып, министрлік аппаратымен жүздестірген еді. Осы аталған ардақты азаматтар Михаил Ивановичтің сенімін ақтай білді. Болатхан Тайжан ағамыз Египет араб республикасындағы, Әбу Ахметов Тәжікстандағы тәуелсіз Қазақстанның Төтенше және Өкілетті елшілері болып істеді. Есенәлиев жолдамасымен Дипломатиялық академияны үздік тәмамдаған Ерлан Ыдырысов Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болды, бүгінде ол Ұлыбританиядағы еліміздің Төтенше және Өкілетті елшісі. Ал, өзінің көмекшісі Алмаз Хамзаев Испанияда елші болды, Бас хатшы Ғани Қасымов Кеден комитетін басқарды, Мәжіліс депутаты болып сайланды. Академия дегеннен шығады, Есенәлиев келгенге дейін бұл арнайы оқу орнына дипломаттарды республика партия органдары жолдамамен жіберіп келсе, енді бұл мәселе министрліктің қарауына көшті. Министр қызметіне кіріскенге дейін елшілік жұмыс тәжірибесі болмаған Михаил Иванович Мәскеудегі орталық аппараттың жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, сол кездегі КСРО сыртқы саяси ведомствосының басшысы Андрей Андреевич Громыкомен әріптестік, достық қарым-қатынас орната білді. Сөйтіп, Дипломатиялық академияда Қазақстанға арнап қосымша орындар бөлуге қол жеткізді.

Сондай-ақ Михаил Иванович келгенге дейін қазақстандық кадрлар шетелдік іссапарларға, тағылымдамаға жіберілмесе, бұл түйін де тарқатылды. Бірнеше шетел тілдерін білетін қызметкерлердің жалақылары ол кездері салыстырмалы түрде төмен болатын. Мәселен, екінші хатшы 145, ал бөлім меңгерушісі 220 сом алатын. Одақтық ведомстводағыдай дипломатиялық шен (ранг), шет тілі үшін үстеме төленбейтін, киімге ақша бөлінбейтін. Михаил Иванович тікелей А. Громыконың өзіне шығып, мәселе оң тұрғыдан шешілген соң, мұндай жеңілдіктерге өзге одақтас республикалар дипломаттары да қол жеткізгеніне өзім куәмін.

Халықаралық қатынастар тарихында Михаил Иванович Есенәлиев Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөз сөйлеген тұңғыш қазақ ретінде қалды. Бұл сапарға министрлік ұжымы 3-4 ай бұрын дайындалды. Мен «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» деген ақпараттық-анықтамалық басылымды ағылшын, француз, неміс және орыс тілдерінде Министрлер кеңесінің баспаханасынан уақытында шығарып үлгердім. Қыркүйектің басында Нью-Йоркқа қазақтың ұлттық тағамдары-қазы, шұжық, жал-жая, республикада өндірілетін шарап, кондитер өнімдері салынған «сәлемдеме» жөнелттік. Дипломатиялық поштамен жіберілген кісі бойындай жәшіктің сыртындағы әдрісті көк сиямен өзім толтырған едім.

Михаил Иванович тәуелсіздік жылдары дипломатиялық кадрлар даярлауға, соның ішінде халықаралық тақырыпқа жазатын журналистерді шыңдауға белсене араласып, көп тірлік тындырды. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаздық қылып, талай көгенкөздің көкірегіне нұрлы сәуле құйды. Бүгінде қаламгерлер ұстаханасы-журналистика факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы Есенәлиев – ұстазды ыстық ықыласпен еске алады.

Еліміздің сыртқы саяси құрылымын қаз тұрғызып, қалыптастырған Төлеген Тәжібаев, Асқар Закарин, Мәлік Фазылов сынды тұғырлы тұлғалар қатарында абзал ұстазым Михаил Иванович Есенәлиевтің де есімі Қазақстан дипломатиясының тарихында алтын әріптермен жазылып қалды.

**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**
*журналистика факультетінің профессоры,*
*бұрынғы дипломатиялық қызметкер*

# К ЮБИЛЕЮ ПРОФЕССОРА ПУЗИКОВА

**Кафедра социологии и социальной работы КазНУ имени аль-Фараби отмечает 85-летний юбилей Пузикова Михаила Федоровича, доктора исторических наук, профессора.**

Родился Михаил Федорович в селе Куломзино Булаевского района Северо-Казахстанской области в 1933 году 26 сентября. Детские и юношеские годы Михаила Федоровича пришлись на суровые военные и трудные послевоенные годы. С 1943 по 1945 годы он – участник трудового фронта. В 1948 году в связи с тяжелыми семейными обстоятельствами, с 15 лет познал нелегкий для юноши труд, работая в качестве лесоруба Полудинского лесхоза Северо-Казахстанской области. Одновременно заочно учился и активно участвовал в общественной жизни.

В 1950 году выдвигается на ответственную работу – директором Полудинского Дома пионеров. Через год становится учителем Малиновской, а затем Метлишенской семилетних школ, где проработал до ухода в армию в 1952 году.

В 1960 году его назначают на должность ответственного секретаря районного отделения Общества «Знание». В 1962-1966 годы – на партийной работе: работает в качестве лектора-консультанта, инструктора райкома партии, инспектора – парторганизатора Северо-Казахстанского обкома КП Казахстана.

В 1966-1968 годы – слушатель Высшей партийной школы при ЦК Компартии Казахстан. Здесь в 1967 году, как активный журналист-публицист, был принят в члены Союза журналистов СССР и продолжал активно выступать со статьями и лекциями по проблемам внутренней и внешней политики, был награжден Почетной грамотой Всесоюзного общества «Знание». В 1968 году как отличник учебы был рекомендован в аспирантуру КазГУ им. С.М. Кирова. В 1971 году после успешной защиты диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук направляется на преподавательскую работу. С ноября 1971 года работал на кафедре истории КПСС в качестве ассистента, старшего преподавателя, доцента, профессора. В 1991 году стал доктором исторических наук. С 1995 года и по настоящее время работает профессором кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби. Читает лекции по истории социологии, социологии личности, политической и общей социологии, социологии средств массовой информации, социальной политики и геронтологии и др.

Под его руководством подготовлено 30 лауреатов конкурса студенческих научных работ, в том числе I-ой и II-ой степеней. Он является автором более 350 публикаций, в том числе более 30 монографий, учебников и учебных пособий. Наиболее значимым являются «Экономическая социология» – Алматы, 2001; «Личность в условиях социальных перемен» – Астана, 2002; «Общая социология» – Алматы, 2007; «Социология как учебная дисциплина» – Алматы, 2008; «Конфликты в воинской среде» – Алматы, 2011; «Проблемы социальной адаптации пожилого человека» – Алматы, 2011; «Личность в мире людей» – Алматы, 2015; «История развития социальной мысли о человеке» – Алматы, 2016; «Основы политической социологии» – Алматы, 2016; «Азбука эффективного общения в социальной работе (социально-психологические и гендерные аспекты)» – Алматы, 2017; «Основы социальной политики» – Алматы, 2018.

Он неоднократно поощрялся за активную научную и педагогическую деятельность и награжден нагрудными знаками: «За отличные успехи в работе» Министерством Высшего образования СССР, «Почетный работник образования Республики Казахстан», Золотой и Серебряной медалями КазНУ имени аль-Фараби, медалью Ы. Алтынсарина, 30-ю Почетными грамотами и многочисленными дипломами за особые услуги в научной и педагогической деятельности.

В настоящее время профессор Михаил Федорович Пузиков ведет активную научно-методическую, общественную и кружковую работу со студентами. Проводит «Вечера поэзии», а также интеллектуальные игры студентов «Что? Где? Когда?», возглавляет Клуб знатоков. Михаил Федорович пользуется большим авторитетом среди студентов и преподавателей. Как талантливый педагог-профессионал, добрый и отзывчивый человек готов всегда оказать научно-методическую помощь всем тем, кто в этом нуждается.

Михаил Федорович особо подчеркивает, что бороться с трудностями и рисками ему помогала переданная по наследству физическая сила, воля и доброта, идущая от сердца, и беспредельная любовь к близким родственникам и семье, и всем достойным людям, которые его окружали и любили. Любовь к человеку, постоянному и активному общению с разными людьми он пронес через всю свою нелегкую жизнь и отразил в научных трудах, популярных



книгах и своих поэтических стихах. В этом может убедиться каждый, кто небезразличен к своей земле, ее истокам, о которых так ярко и убедительно повествует автор в своих книгах и поэтических собраниях.

Поздравляя юбиляра с 85-летием, коллектив кафедры социологии и социальной работы желает Михаилу Федоровичу Пузикову крепкого здоровья, творческого долголетия!

**З.Ж. ЖАНАЗАРОВА,**
*доктор социологических наук, профессор*

**Молодые ученые-физики КазНУ приняли участие в работе 5-ой международной школы**

# АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ – *ежелгі тарихымыздың алтын бесігі*

**ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі Ғани Омаров бастаған топтың жетекшілігімен студенттер Алтай археологиялық экспедициясының құрамында жазғы далалық оқу және өндірістік тәжірибеден өтіп қайтты.**



Далалық археологиялық зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қаратоғай ауылдық округіне қарасты Бестерек елді мекеніндегі Аян-І қорымында жүргізілді. Экспедицияның негізгі мақсаты – көне заманнан ортағасырларға дейінгі Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі және жерлеу-ғұрыптық рәсімдерін археологиялық тұрғыдан зерттеу, ғылыми айналымға тың серпілістер енгізу болып табылады.

Экспедицияның алғашқы күндерінде орналасу шаралары жүзеге асырылса, келесі күні экспедиция жетекшілерімен аймақтағы археологиялық кешендердің құрылысы таныстырылды. Далалық жұмыстар барысында ерте темір дәуірі және көне түркі кезеңдерімен мерзімделетін үш нысанға қазба жұмыстары басталды. Нәтижесінде бүгінгі күнге дейін қазақ археологиясында «ақтаңдақ» болып саналатын б.з. IV–V ғғ. мерзімделетін көне түркі кезеңінің қорған-қоршауында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазба жұмыстарымен қатар аталмыш аймақта барлау жұмыстарын жүргізілу аясында бұрын-соңды ғылымға белгісіз болып келген неолит, энеолит, қола, ерте темір дәуірлерінің қоныстарының орындары, қорымдар, ғұрыптық ескерткіштер мен петроглифтер кешендері анықталып, тізімге алынды. Және олардың жоспарлары жасалып, археологиялық картаға енгізілді. 30-ға жуық жаңадан ескерткіштер ашылды. Болашақ жас археолог мамандар ғылыми зерттеу жұмыстарына тікелей қатысып, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра білді. Ғылыми зерттеулер барысында ғылымдағы соңғы технологиялық әдіс-тәсілдер мен жабдықтар қолданылды. Студенттерге жаңа технологиялық құрылғыларды археологиялық зерттеулерде пайдалану әдістерін үйрету негізгі мақсаттардың бірі болды.

Сондай-ақ өндірістік тәжірибе барысында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағдарламасын орындау мақсатында «Алтай-Тарбағатай – ежелгі тарихымыздың алтын бесігі» атты жазғы мектеп ұйымдастырылып, оған белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

**Ғани ОМАРОВ,**
**Бауыржан БЕСЕТАЕВ,**
**Сымбат САҒЫНДЫҚОВА,**
*археология, этнология және музеология кафедрасы*

# Центр ВНИМАНИЯ

**Стрессоустойчивость определяется как совокупность личностных качеств, определяющих устойчивость к различным видам стресса. Это свойство позволяет человеку переносить значительные интеллектуальные, волевые и эмоциональные нагрузки без особых вредных последствий для своего здоровья.**

Студенты, испытывающие высокие интеллектуальные и эмоциональные нагрузки в процессе обучения в вузе, часто имеют отрицательную динамику отношения к учебной деятельности. Одной из причин такого положения является снижение уровня их стрессоустойчивости. Стресс у студентов связан с уровнем стресса и влиянием напряженных программ на них. Чрезмерное количество стресса в подготовке предрасполагает к тому, что студенты испытывают трудности в решении межличностных конфликтов, последствий в физических аспектах, ослабляющие процесс обучения. Значительный процент студентов страдает от тревожных расстройств, потому что стресс влияет на эмоциональную и поведенческую симптоматику. Стресс у студентов становится центром внимания на национальном и глобальном уровнях. Есть три положения, которые считаются наиболее важными в развитии проблемы стресса у студентов. Первое заключается в том, что они должны узнать много новой информации в течение короткого времени. Во-вторых, когда у них проходят экзамены, а последний является тем, что они имеют мало времени или вообще не имеют время для рассмотрения вопросов, которые они изучают. Студенты перегружены огромным количеством информации. У них есть ограниченное количество времени, чтобы запомнить всю информацию во время обучения. Перегрузка информацией создает чувство разочарования, потому что студенты не обрабатывают всю информацию и, следовательно, не являются успешными в период контроля. Стресс – реакция на различные ситуации на различных уровнях сознания, психологического и физиологического стресса. Эти моменты стресса могут быть взаимосвязаны друг с другом и могут быть на разных уровнях. Наиболее частые периоды стресса происходят тогда, когда студенты-медики нуждаются в ликвидации разрыва между окончанием медицинского факультета и возможностью обретения медицинской специальности. К факторам стресса относятся ситуационные, личные и профессиональные. Ситуационные факторы стресса включают чрезмерное количество часов, лишение сна, чрезмерной рабочей нагрузки, канцелярскими и административными обязанностями, недостаточной поддержкой смежных специалистов в области здравоохранения, в большом количестве трудных пациентов и условий для обучения, которые меньше оптимальных. Личные стрессоры включают семью, которая может быть источником поддержки, и в тоже время источником конфликтов и негативного стресса, а также финансовые вопросы, так как многие студенты несут тяжелые учебные долги и вынуждены подрабатывать. Изоляция часто усугубляется переселением от семьи и друзей, ограничением свободного времени, чтобы расслабиться или создать новые связи, психосоциальными проблемами, вызванными стрессом проживания, и неадекватными навыками.

**А. РАУШАНОВА,**
*PhD, и.о. доцента кафедры «Биомедстатистика и доказательная медицина»*



# Здоровый дух в здоровом теле или в здоровом теле здоровый дух?

**В наши дни с огромной скоростью набирает оборот «культ» красивого, стройного тела. Он преследует нас по телевидению, в торговых центрах и на рекламных билбордах. Культ тела, по мнению известного французского социолога, культуролога и философа-постмодерниста Жана Бодрийя́ра, занял сегодня место души.**

Философ видит проявления этого культа в пропаганде массового спорта, в рекламе косметической продукции и средств ухода за телом, в мании здоровья, сопровождающейся неслыханным ростом использования лекарств и различных медицинских услуг: нас приглашают ухаживать за своим телом-товаром, так как его красота, идеальные пропорции и ухоженность составляют знак престижа. Удивительную популярность получает связанное с ним диетическое питание, при этом всё больше и больше появляется телевизионных передач, посвященных гастрономическим пристрастиям, страницы глянцевых журналов пестрят разнообразными кулинарными изысками, все именитые шеф-повара с голубых экранов подсчитывают нам калории и говорят нам о правильном сочетании продуктов. И сам по себе напрашивается вопрос о том, как же питались предки, какими они владели секретами, чтобы сохранить здоровый дух в здоровом теле? Какие продукты и травы дарили им крепкое здоровье, оптимизм, уверенность, энергию, силу, интеллект и энтузиазм? Есть много литературы, посвященной правильному питанию, но одна из них выделяется своей оригинальностью и глубиной изучения вопросов правильного питания. Это книга Лены Теркесиду «Золотая диета древних олимпиоников», в которой описывается питание греческих спортсменов от доисторических времен до классического периода Греции. Дело в том, что во времена Древней Греции физическое и диетическое воспитание спортсменов имело очень большое значение, при этом определялось оно тренером, в зависимости от вида спорта, которым занимался атлет - с основой, безусловно, на средиземноморское питание. Правильное питание считалось очень важным и необходимым, поскольку способствовало улучшению физического состояния и подготовки атлета - в целях защиты от травмирования, а также для быстрого заживления ран, поддержки оптимизма, высокого морального духа и, конечно же, для достижения высоких результатов в Олимпийских играх.

**Анар ДУШПАНОВА,**
*кафедра эпидемиологии, биомедстатистики и доказательной медицины*

# ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА МОЛ МҮМКІНДІК ТУДЫ

**Жуырда ҚР Президент мұрағатының базасында ТМД елдерінің жас мұрағаттанушыларының II жазғы мектебі өтті.**




Шараға ҚР Президенті әкімшілігінің ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімінің меңгерушісі Ғани Тілеубеков, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің деканы Меңдігүл Ноғайбаева, АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас Консулы Марк Муди, Польшаның Алматыдағы бас консулы Радослав Грук секілді азаматтар қатысты.

Кездесуде сөз алған шетелдік дипломаттар әрбір елдің өркениетті дамуында мұрағаттың алатын орны ерекше екендігіне және соңғы уақытта Қазақстанда қолға алынған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ел дамуында қаншалықты рөл атқаратынын қадап айтты. Сондай-ақ олар жаңа заман талабына және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сәйкес мұрағат құжаттарын электронды нұсқаға көшіру, құжаттарды ұзақ жылдар бойы бастапқы қалпында сақтауға және қажетті нұсқаны тез арада тауып алуға зор мүмкіндік беретініне кеңінен тоқталды. Жас мұрағаттанушылардың жазғы мектебінің қатысушылары, Астана мен Алматы қалаларынан келген тәжірибелі мамандар мен Польша, АҚШ елдерінің сарапшыларының лекцияларын тыңдады. Әсіресе, жас мұрағаттанушылар үшін Польшаның Ұлттық есте қалдыру институтының өкілдері Марзен Крук пен Станислав Коллердің, АҚШ-тың Мэриленда университетінің профессоры Адам Крисбергтің әңгімелері тартымды болды. Олар өз елдеріндегі мұрағат мамандарының атқарып жатқан іс-шаралары туралы жан-жақты әңгімеледі. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Президенті мен Польшаның Ұлттық есте қалдыру институы арасында өзара ынтымақтастық байланыс жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Бүгінде жас мұрағаттанушылардың жазғы мектебі жаңа заманауи форматтағы кәсіби білім алатын алаңға айналып, жазғы мектеп жұмысының негізінде жас мамандар арасында тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік туды. Шетелдік спикерлердің «Электронды құжаттар мен мұрағатты басқару және оларды сақтауға» арналған дәрістері, архив ісі тәжірибесінде цифрлық технологияларды қолдану және электрондық мұрағаттарды жасауда жазғы мектеп жұмысында үлкен бағаға ие болды. Сондай-ақ шара аясында болашақта шетелдік тәжірибені Қазақстандық мұрағаттану саласына енгізу мәселелері көтеріліп, қатысушылар назарына өткен ғасырдан сыр шертетін сирек кездесетін құжаттық деректі фильм ұсынылды.

**Н. АЛПЫСБАЕВА,**
*т.ғ.к., дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті;*
**Ж. ДҮЙСЕНБЕКОВА,**
*дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы*

***21 қыркүйек күні ҚазҰУ-да XVI Азиялық сапа бойынша конгресс аясында «Жоғары білім жүйесіндегі сапа» атты халықаралық симпозиум өз жұмысын бастайды***

# «АУҒАНСТАНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТИКА» ФОТОКӨРМЕСІ



**ҚазҰУ-да журналистика факультетінің түлегі Саид Самимді еске алуға арналған «Ауғанстандағы журналистика» фотокөрмесі өтті.**

Талантты журналист «БҰҰ моделі - Жаңа Жібек жолы» бағдарламасының белсендісі, TOLOnews телеканалының тілшісі Кабул қаласында 5 қыркүйекте лаңкестік әрекет салдарынан әріптесі Разим Ахмадпен бірге қызметтік міндетін орындау барысында қаза тапқан болатын.




Шараға БҰҰ, UNESCO, Алматыдағы ҚР СІМ өкілдері, Ауғанстанның дипломатиялық миссиясы, Ауғанстанның сауда-өнеркәсіп палатасы, ҚР ауғандар диаспорасы, Қазақстан журналистері мен ғалымдары, «БҰҰ моделі - Жаңа Жібек жолы» бағдарламасының белсенділерімен қатар ҚазҰУ оқытушылары және студенттері қатысты.

ЮНЕСКО кластерлік бюросының коммуникация және ақпарат бөлімінің арнайы өкілі Сергей Карпов «Аумалы-төкпелі мына заманда Ауғанстанда лаңкестік шабуыл салдарынан бүгінде 550-ден аса бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қаза тапқан екен. Бұл тек Ауғанстандағы ғана сандық көрсеткіш болса, әлем бойынша жылына қанша журналист көз жұматынын есептей беріңіз. Әлемнің кез-келген нүктесінен жұршылыққа хабар тарататын журналистер қауымы қарулы қақтығыстардың құрбанына айналды. Бұл тіпті алаңдатарлық деңгейге жетіп, БҰҰ-ның назарына ілігіп, бүгінде БҰҰ БАҚ өкілдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқаруда»,-деді Сергей Карпов.




Шара барысында қатысушалар қазір әлемде болып жатқан дүрбелеңде журналистер өз міндеттерін атқарудағы сақтану шаралары, Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуға ықпал ету бағыттарын талқыға салды. Фотокөрмеге жиналған қауым бүгінгі жастарды журналистика саласында жұмыс істеуге, халықаралық деңгейде диалогты дамыту мен Ауғанстандағы БАҚ жұмысының бүгінгі ахуалымен толықтай танысуға мүмкіндік алды. Шара соңында Саид Самимнің ұстаздары мен замандастары аз ғана ғұмырында артында өшпес із қалдырған, өз қызметіне жолында құрбан болған азамат жайлы ыстық ықыласқа толы естеліктерімен бөлісті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# МАГИСТРАНТТАР АБАЙ ҒЗИ-ДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ

**Филология және әлем тілдері факультетіндегі магистратураның оқу жоспарына сәйкес «Аударма ісі» мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу тәжірибесі аралығында Абай ғылыми-зерттеу интитуты негізінде өтті.**

Тәжірибе жетекшілері тәжірибеден өтушілерді өздерінің атқаратын жұмыстарымен және Абай ғылыми-зерттеу интитуты жұмыс жоспарымен, бағыт бағдарымен, материалдарымен таныстырды. Сонымен қатар мамандықтың оқу-жұмыс жоспарына шолу жасап, оларға кеңес берді. Магистранттар білім беру қызметін қамтамассыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен, кафедра оқытушыларының инновациялық әдістемелерімен танысты. Білім беру стандарттарының мазмұнына, оқу жоспарларының құрылым-жүйесіне назар аударып, пайдалы мағлұматтар алды. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу тәжірибесінің бағдарламасымен, жоспарымен, өз міндеттерімен танысты. Магистранттарға Абай ғылыми-зерттеу институтының ресми сайтын, мақалалар мен мәтіндерді аудару жүктелді.

Алғашқы күннен бастап, магистранттар өз жұмыстарына мұқият қарап, аударманың тиімді әдістерін ұтымды пайдалануға тырысты. Сонымен қатар кафедраның қоғамдық жұмыстарына да белсене қатысты. Негізгі міндеттерінен өзге, 2018 жылдың 20 маусымында өткен «Абайтану таңдамалы еңбектерінің» 11-35 томдарының тұсаукесер рәсіміне қатысты. Магистранттар арасынан Юлия Кацман, Чжанга, Тун Шэнюй, Жанар Мустафаеваны ерекше атауға болады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өтуші магистранттар теориялық оқу барысында алған білімдерін тәжірибе жүзінде ойдағыдай қолдануға мүмкіндік алып, білімдерін шыңдауға Абай ғылыми-зерттеу интитутының жасаған авторлық инновациялық технологияларын меңгеріп, тәжірибеде пайдалана алды.

23 маусымда өткен қорытынды конференцияда магистранттар ғылыми-зерттеу тәжірибесі құжаттарын толық тапсырды, әрқайсысы 1 ғылыми мақала жариялады, жетекшілері тиісті бағаларын берді.

Жалпы алғанда, «Аударма ісі» мамандығы бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу тәжірибесі оқу бағдарламасы талаптарына сай бір ай көлемінде өз деңгейінде өтті, магистранттар өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарады.

**И. АЗИМБАЕВА,**
*Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің жетекшісі, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушы*



# «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ - ҰЛТТЫҚ РУХ ҮНІ

**Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай үйінде университет пен мұражай тарапынан жасалған келісім негізінде өндірістік тәжірибеден өтті.**

Өндірістік тәжірибе барысында студенттер Ғылым ордасының орталық ғылыми кітапханасында «Қазақ» газетінің 105 жылдығына орай «Қазақ» газеті ұлттық рух үні» атты дөңгелек үстелге қатысты. Алқалы жиын қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдардың басын қосты. Жиналыстың негізгі өзегі – «Қазақ» газетінің 1915 жылғы нөмірлерінің жинақ болып басылған кітабының тұсаукесері. Жиында сөз алған жоба жетекшісі Света Смағұлова жинақтың жарыққа шығуына үлес қосқандарға алғысын білдіріп, болашақта әлі де талай жұмыстар атқару қажеттігін атап өтті.

Жинақ ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2015-2017 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы негізінде дайындалған. «Елтаным» баспасынан жарыққа шыққан, көлемі 528 беттен тұрады. Бұл жинаққа газеттің 1915 жылғы жарық көрген 93-163 саны түгелдей араб графикасынан қазіргі жазу үлгісіне көшірілген. 2009 жылы «Қазақ» газетінің 1913-1914 жылғы «Арыс» баспасынан шығарылған нұсқаларымен салыстырғанда бұл жинақтың форматы едәуір көлемді.

«Қазақ газеті 1915 жыл» жинақ жұмысын құрастыруға 3 жылдай уақыты кеткен. Жастарға жұмбақ болған қазақ жазуының реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының емлесін төте жазуды талмай қазіргі әріпке түсіру үлкен табанды әрі қажырлы еңбектің арқасы екені сөзсіз. XX ғасырдың басындағы ұлтымыздың баспасөз бен әдебиет, мәдениетінің қалыптасу тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің атқарар қызметі зор. Сол заманның жаршысы болған халықтың көзін ашып, оқуға шақырған. Айшылық алыс жердегі маңызды жаңалықтармен елді құлақтандырып отырған қазақ баспасөзінің қарлығашы, өзінен кейінгі барлық баспасөз атаулысына үлгі болған «Қазақ» газеті бүгінгі ұрпаққа да темірқазық іспетті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш зиялыларының ерен еңбегі мен теңдессіз ерлігін, олардың артында қалған мұрасын насихаттау – бүгінгілердің перзенттік парызы.

Ендігі мәселе құнды дүниелердің жарыққа шығуына жағдай жасау, себебі «Қазақ» газеті сынды рухани қазыналарымыз шаң басқан мұрағаттарда жатпауы тиіс. Қазақ баспасөзінің жақұты – Ұлт үнжариясының 1916, 1917, 1918 жылғы сандарының түгел кітап болып жинақталып, оқырманға тезірек ұсынылса біздің тілек осы дейді жиынға қатысушылар.

Үшінші курсты тәмамдар тұста өткен өндірістік тәжірибеміз біз үшін үлкен мектеп болды. Бұл деректі тарихи құжаттар мен ғылыми зерттеу жинақтармен танысқанымыз келесі 2018-2019 оқу жылында оқытылатын «Алаш әдебиетіндегі азатшыл идея» таңдау пәніне қажетті үлкен қор жинадық. Тәжірибе барысында топтық жұмыстарды бірлесе атқардық, әрі әрқайсымызға берілген дербес тапсырмаларды орындау кезінде бір-бірімізбен пікір алмасып отырдық. Теориялық білімді өмірде қолдануды үйрендік. Білікті маман болып қалыптасу үшін педагогикалық тәжірибемен қатар, ғылыми өндірістік тәжірибенің де қажеттілігін ұғындық. Келешекте мектеп ұстазы немесе колледж оқытушысы болып, оқушы баулу барысында бұл тәжірибенің үлкен көмегі болатынына сеніміміз мол.

**Жанна МӘЛІК,**
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті*

***Студенты прошедшие курсы подготовки офицеров запаса на военной кафедре КазНУ приняли участие в церемонии принятия военной присяги***

*Продолжение. Начало на 1,3 стр.*

# ПОЭТИЧЕСКИЙ ВЕЧЕР














**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактордың міндетін атқарушы: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***

Тілшілер: ***Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***

Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***

Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакциясының компьютер орталығында терiлiп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №1234***

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.